

Ержанова Альбина Ергешбаевнаның «Қола дәуіріндегі Сарыарқа тұрғындарының тас құралдары «Атасу мен Талдысай микроаудандары бойынша) » , 66D020800 – археология және этнология Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациясының қолжазбасына

## ПІКІР

Диссертация Казақстан археологиясында жаңа ғана қолға алынып, дамый бастаған, бірақ әлі де болса методологиялық және де әдістемелік тұрғыдан шешілмей келе жатқан проблемалары бар бағыттардың бірі – қола және басқа дәуірлердегі технологиялық дамудың деңгейі және оның ерекшелітерін зертте анықтау.

Сондай ақ, осы технологиялық дамудың артында қандай әлеуметтік және палеоэкономикалық, шешімін әлі күнге дейін таппаған ғылыми мәселелер жатыр. Міне осы және басқа да проблемаларды Қазақстан археологиясында алғашқылардың бірі болып зерттеуді қолға алған А. Ержанова болды. Осы тұрғыдан алғанда диссиденттің жұмысы басқа зерртеулерге қарағанда өзінің аса бір өзектілігі және бірегейлігі тұрғысынан ерекшеленіп отыр. Оның таға бір себебі - қола дәуірінде қалыптасқан әртүрлі қоғамдық структуралардың әлеуметтік- экономикалық даму мәселелері осы уақытқа дейін құрал-жабдықтардың сыртқы формалары, әсіресе, жерлеу орындарынан табылған заттарды талдау негізінде зерделеніп, технологиялық даму деңгейін анықтау бағыттары тыңғылышты қарастырылмаған.

Қола дәуірінің негізгі өндіріш күштері – тау -кен ісі мен металургия саласында пайдаланатын бірегей тас құралдардардың тұрлери, оларды жасау әдістері мен технологиясы және өндірісте пайдалану туралы арнаулы еңбектер жазылмаған. Осы тұрғыдан алып қарағанда диссиденттің таңдал алған тақырыбы – казақ археологиясындағы үлкен бір ақтандақты жойып, ғылымда үлкен серпініс жасайтыны анық. Сондықтан да ізденушінің ізденіс бағыты дұрыс деп бағалаймын.

Тас құралдардың бір ерекшелігі – олардың басқа органикалық заттардан жасалған құрал-саймандарға қарағанда жақсы сақталуының нәтижесінде, сонау тас дәуірінің әртүрлі кезеідерінен бері тас индустріясының эволюциясы ғана емес, тас өндеу мен оларды жасау технологиясын тарихи-техникалық тұрғыдан зерттеуге мүмкіндік бар және де қола заманындағы тастан жасалған еңбек құралдары мен ғұрыптық рәсімдерде пайдаланатын заттарды сабактастық көзқараспен де қарастыруға болады.

Бұдан басқа тас индустріясын талдау – шикізат көздерін минералогиялық тұрғыдан аныктап, көне замандығы әлеуметтік қарым-қатынастар, товар алмасу, миграциялық процесстерді зертеп, қоғамдық топтар мен тарихи-мәдени тұстастықтардың арасындаға сауда-экономикалық қатынастар мен алмасу мәселелерін де тыңғылышты зерттеуге мүмкіндік туғызады.

Ізденушінің диссертациялық еңбегі Сараарқа өніріндегі бұрын да және кейінгі жылдары жүйелі түрде зерттеліп келе жатқан қола дәуірінің Атасу, Мыржық, Ақмұстафа, Ақмая, әсіресе, Талдысай ескетріштерінде ашылған тас және басқа құралдарын тыңғылықты талдау нәтижесінде жазылған. Атап айтқанда, Талдысай қонысынан 1500, Атасудан – 300, Мыржықтан – 213, Ақмаядан – 43 және де Ақмұстафан 21 дана тас құралдарды арнаулы бөліп алып оларды саналуан тасологиялық және басқа да талдаулардан өткізді.

Заман талабына сай диссидентант тас құралдарды тыңғылықты зерттеудің сан-алуан техникалық әдістерін игеріп, солардың ішінде эксперименталды археология саласында да көптеген алыс және жақын шетелдердің осы бағытта жұмыс істейтін білікті мамандармен тығыз байланыс жасап, көп мәселелердің басын ашып алды және де осы тұрғыдан алып қарағанда еліміздің археология ғылымында технологиялық бағыттың қалыптасып нығаюына өзіндік үлесін қости деп айтуға болады.

Еңбекте қазіргі замандағы тастан немесе басқа табиғи материалдардан жасалған құрал-саймандарды зерттеудегі тасологиялық әдістердің сан-алуан түрлеріне кеңінен талдау жасалған, себебі бұл құралдардың бетіндегі іздерді тексеріп талдаудың бірден-бір әдістері, сондай ақ, сонау С.А. Семеновтан бастауын алатын морфология, тез өзгеріп қарқынды дамитын бағыт екені белгілі.

Диссертациялық жұмыстың құрылымы, негізінен, талдауға ұсынылған ғылыми проблемалардың мазмұнын ашуға бейімделген, сондықтанда оны дұрыс деп бағалаймын.

Атқарылған жұмыстың негзі мазмұына келетін болсақ, еңбектің бірінші тарауында тас өндеу технологиясының даму ерекшеліктері мен деңгейлерін автор Сарапқаның жалпы табиғи-климаттық жағдайы мен ерекшелігі аясында талқылаған, себебі жалпы қоғамның, әсіресе экономиканың дамуы олардың табиғи ортаға бейімделу механизмінің деңгейіне тікелей байланысты, сондықтан да бұл тарау міндетті түрде осы тұрғыдан қарастырылуы керек болатын.

Ерекше көңіл аударатын мәселе - жоғарыда айтылғандай, тас құралдарды жасау үшін, алдымен керекті шикізат көздерін, минералдардың керекті түрлерін геоархеологиялық тұрғыдан анықтап алу керек. Осы мақсатпен ізденуші арнаулы геологиялық зерттеулердің (Д.Бекмагамбетов. т.б.) нәтижелеріне тыңғылықты сүйенген.

Зерттеушінің негізгі тұжырымдары жоғарыда аталған қоныстардан табылған жүздеген тас құралдарды формасына, технологиялық ерекшелітеріне және де басқа белгілеріне сүйене отырып әртүрлі топтарға, жіктерге боле отырып жалпы қызметтік- типологиялық (балғалар, түйгіштер, үккіштер, шаппа шоттар, қалыптар, кескіштер, тескіштер, қашаулар, қайрақтар, қырғыштар, соғыс құралдары т.б.) талдау жасаған. Міне осы ғылыми процедура диссертациялық жұмыстың негіздерінің бірін қалайды деп айтуға болады. Осы атқарылған шара негізгі сүйеніш болып отырған археологиялық ескерткітерден (Атасу, Талдысай, Мыржық т.б.)

табылған тас жәдігерлердің негізінде жасалған. Осының нәтижесінде, автор «тас құралдарды зерттеу барысында трасологиялық әдісті қолдану нәтижесінде түрлі материалдарды өндеуге және де металургия мен метал өндеуге қатысты құралдардың нақты кешені анықталып, қалпына келтірілді» деген дұрыс және нақтылы тұжырымға келген.

Диссертацияның түпкі мақсаты тас құралдарды тек қана технологиялық тұрғыдан қарастыру емес, оларды талдаудың негізінде қола дәуірінде өмір сүрген адамда мен олар қалыптастыған қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық қарым-қатынастары, өндіргіш күштерді, микро-және мақроэкономикалық даму бағыттарын анықтап жалпы мәдени-тариҳи үдірістерді зерттеу болып табылады. Міне осы мақсатқа орай зерттеуші өз жұмысының соңғы тарауы мен қорытындыларын атаптыш мәселелердің кейбір жақтарын ашуға арнаған.

Сонымен, А. Ержанованың «Қола дәуіріндегі Сарыарқа тұрғындарының тас құралдары «Атасу мен Талдысай микроаудандары бойынша)», 66D020800 – археология және этнология Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін кең көлемді археологиялық дереккөздер негізінде өзі жеке-дара дайындаған диссертациясының қолжазбасын бірегей, толық аяқталған және де түбегелі еңбек ретінде бағалап, атаптыш ғылыми дәрежені алуға лайықты жұмыс деп есептеймін.

Тарих ғылымдарының докторы

Самашев

З. Самашев

Қолын растаймы  
Подпись заверена  
Samashev Z.

